



**Молдова Республикасы Орталық сайлау комиссиясы мен  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы арасындағы  
Өзара түсіністік туралы меморандум**

Молдова Республикасы Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі - Тараптар),

біздің елдердегі демократиялық процес пен адам мен азаматтың құқықтарына және бостандықтарына қатысты жалпыға бірдей танымал демократиялық нормаларды қолдайтынын растай отырып,

демократиялық қайта құрулардың маңызды элементтері азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, сайлау құқығының нормаларын сақтауға негізделген еркін сайлау мен референдумдар болып табылатынына сенімді бола отырып,

сайлау мен референдумдар туралы заңнама саласында, қазіргі заманғы жүйелер мен технологияларды пайдалану, сондай-ақ басқа да электораттың мәселелерде ынтымақтастықты тереңдетуге және дамытуға талпына отырып,

ынтымақтастық екі мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастардың одан әрі дамуына жәрдемдесетінін сезіне отырып,

төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойды.

**1-бап**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың әрқайсысының тен құқылышы мен мүдделерін құрметтеу, мемлекет заңнамасын, сондай-ақ өзара жасалған келісімдерді сақтау негізінде жүзеге асырылады.

## 2-бап

Таралтар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытады:

сайлау мен референдумдарды әзірлеу мен өткізудің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін органдардың қызметін үйлестіру тәжірибесімен алмасу;

сайлау мен референдумдар туралы ұлттық заңнаманы жетілдіру;

азаматтардың конституциялық сайлау құқықтарының іске асырылуы мен қорғалуын қамтамасыз ету;

сайлау мен референдумдардың, сондай-ақ сайлау процесінде кандидаттар мен саяси партиялардың қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру;

сайлау алдындағы үгіт уақытында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сайлау процесі субъектілерінің құқықтарын қамтамасыз ету;

сайлау процесі мен референдумдарға қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, сайлау мен референдумдарды ұйымдастырушылар үшін даярлық біліктілігі деңгейін жетілдіру;

сайлау мен референдумдарды өткізу уақытында қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен сайлаушыларды есепке алу жүйелерін пайдалану.

## 3-бап

Таралтардың ынтымақтастығы мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

сайлау мен референдумдар туралы ғылыми зерттеулердің және әзірленімдердің нәтижелерімен, нормативтік құқықтық актілермен алмасу;

өзара ақпарат алмасу және бір-бірінің тәжірибесін зерделеу;

өзара мұдделерге жауап беретін тақырыптарда семинарлар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар және басқа да бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

сайлау мен референдумдарды әзірлеу және өткізу барысын байқау үшін өкілдерді жіберу.

**4-бап**

Сайлау мен референдумдар туралы ұлттық заңнаманы жетілдіру саласында Тараптар мынадай мәселелер бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасады:

адал және еркін сайлау мен референдумдар өткізуді қамтамасыз ету;

сайлау және референдумдарды әзірлеу мен өткізудің үйымдастырылуын жетілдіру;

сайлау процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің іске асырылуын қамтамасыз ету;

жекелеген электораттық құқық институттарын жетілдіру;

сайлау мен референдумдар туралы заңнаманың бұзылғаны үшін жауапкершілік туралы құқықтық нормаларды жетілдіру;

сайлау мен референдумдар туралы заңнамада, сондай-ақ сайлау комиссиялары жүйелерінің тәжірибелік қызметінде халықаралық стандарттарды сақтау;

сайлау мен референдумдар саласында заңнамалық және нормативтік, оның ішінде ағылшын және орыс тілдерінде жарияланған материалдармен алмасу.

**5-бап**

Азаматтардың конституциялық сайлау құқықтарын іске асыру және қорғау саласында Тараптар мыналарды көздейді:

азаматтардың конституциялық сайлау құқықтарын іске асыру және қорғау нысандары мен тәсілдеріне қатысты тәжірибе алмасу;

әдістемелік, талдамалық және ақпараттық материалдар алмасу.

**6-бап**

Сайлауды, референдумдарды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында Тараптар мынадай мәселелер бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасады:

мемлекеттік бюджетті жоспарлау, қаржы бөлу және қаражатты пайдалану тәртібін қамтамасыз ету;

мемлекеттік бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды ұйымдастыру;

сайлау комиссиялары мен басқа да сайлау процесіне қатысуышылардың мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану туралы есептілікті ұсынуы;

кандидаттар мен саяси партияларды қаржыландыру көздерін, сайлау қорлары қаражатының есепке алынуы мен жұмсалуын бақылауды қамтамасыз ету.

### **7-бап**

Сайлау алдындағы үгіт барысында сайлау процесі субъектілерінің құқықтарын қамтамасыз ету саласында Тараптар мынадай мәселелер бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасады:

сайлау алдындағы үгіт нысандарын жетілдіру;

сайлау алдындағы үгіт барысында сайлау процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің іске асырылуын қамтамасыз ету;

сайлау мен референдумдар туралы заңнаманың үгіт жүргізу тәртібін айқындайтын нормаларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету және оны бұзғаны үшін санкциялар қолдану;

сайлау комиссияларының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен атқарушы билік органдарының сайлау алдындағы үгітті жүргізу үшін жағдайлар жасау мен қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері мен міндеттері.

### **8-бап**

Сайлау процесі мен референдумдарға қатысуышылардың құқықтық мәдениетін арттыру, сайлау мен референдумдар ұйымдастырушылардың даярлығын жетілдіру саласында Тараптар мыналарды көздейді:

әдістемелік, ақпараттық-талдамалық және анықтамалық материалдар алмасу;

сайлау процесі мен референдумдардың түрлі қырларын жария ететін баспа және дыбысбейне материалдарын дайындау мен пайдалану бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасу.

### **9-бап**

1. Тараптар өз қызметін жетілдіру үшін өзара жасалған жекелеген келісімдерде белгіленген тәртіппен бірлескен әзірленімдерді іске асыра алады.
2. Құқықтық ақпарат ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалана отырып, ағылшын және орыс тілдерінде тегін берілетін болады.

### **10-бап**

Тараптар ынтымақтастық сайлау мен референдумдарға қатысты басқа да бағыттарға қолданылуы мүмкін деп санайды. Осыған байланысты Тараптардың келісімі бойынша осы Өзара түсіністік туралы меморандумға өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **11-бап**

1. Тараптар сайлау мен референдумдарды үйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу қажет және пайдалы деп есептейді. Ол үшін осы Өзара түсіністік туралы меморандумның шенберінде Тараптар, делегациялар мен мамандарды жібере отырып, тұрақты өзара іс-қимыл жасайды.
2. Мамандарды жіберетін Тарап олардың жолақысы мен болуына байланысты шығыстарды өз мойнына алады. Осы Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағында болатын адамдар жіберуші Тарап мемлекетінің қаражаты есебінен және заңнамасына сәйкес аурулар мен бақытсыз жағдайлардан сақтандырылуға тиіс.
3. Тәжірибе алмасу үшін делегациялардың құрамы, әрбір сапардың уақыты мен бағдарламасы туралы Тараптар қосымша уағдаласатын болады.

### **12-бап**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумды түсіндірумен немесе іске асырумен байланысты туындастын барлық дау-дамайларды Тараптар тікелей келіссөздер арқылы шешеді.

**13-бап**

1. Осы Өзара түсіністік туралы меморандум оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және үш жыл бойы қолданылады. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін, Тараптардың біреуінің жазбаша қарсылығы болмаған жағдайда, Өзара түсіністік туралы меморандум келесі үш жылға автоматты тұрде созылады.

2. Әрбір Тарап осы Өзара түсіністік туралы меморандумның қолданысын ол жасалған мерзім аяқталғанға дейін жазбаша тұрде тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Өзара түсіністік туралы меморандумның күші жойылды деп басқа тараптың ол туралы хабар алған күнінен бастап қырық бес күн мерзім өткеннен кейін есептеледі.

Кишинев қаласында, Молдова Республикасы, 2013 жылғы 16 мамырда, әрқайсысы заң күші бірдей румын, қазақ және ағылшын тілдеріндегі еki данада жасалып, қол қойылды.

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

**Молдова Республикасы**


**Орталық сайлау комиссиясы үшін**



Юрий Чокан

**Қазақстан Республикасы**

**Орталық сайлау комиссиясы үшін**



Қуандық Тұрғанқұлов